Электр құралы бұрандаларды бұрап кіргізу мен бұрап шығаруға, сондай-ақ ағаш сүрегі, металл, керамика және пластикте бұрғылауға арналған. Сонымен қатар, CID кірпіште, тас қалауда және таста соққымен бұрғылауға арналған.

Электр құралындағы шам (9) тікелей жұмыс аймағын жарықтандыруға арналған, ол үйдегі бөлмені жарықтандыруға жарамсыз.



1. Патрон
2. Жылдам қысылатын бұрғылау патроны
3. Айналу моментінің орнату сақинасы
4. Режимдерді ауыстырғыш  
(CID 1610.1, CID 2110.1, CID 1813 BL, CID 2013 BL)
5. Берілісті ауыстырғыш
6. Белдік аспа
7. Аккумулятор
8. Аккумулятор құлпын ашу батырмасы
9. Жарықтандыру
10. Айналу бағытын ауыстырып қосқыш
11. Ажыратқыш
12. Тұтқа (оқшауланған беті бар)
13. Бүйірлік тұтқа (CID 2013 BL)
14. Қосымша тұтқаны бекіту орны (CID 2013 BL)



\* Құралдың сыртқы түрі суреттен өзгеше болуы мүмкін және нақты модельге байланысты

Техникалық сипаттамалар

| Сипаттамалары                                                                                             | CD 12-23                                                                                     | CD 16-30        |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
| Номиналды кернеуі, В                                                                                      | 12                                                                                           | 16              |
| Қозғалтқыш түрі                                                                                           | щеточный                                                                                     |                 |
| Число оборотов холостого хода, мин <sup>-1</sup><br>– 1 передача<br>– 2 передача                          | 0-350<br>0-1250                                                                              | 0-350<br>0-1250 |
| Айналу моменті, Нм                                                                                        | 23                                                                                           | 30              |
| Бұрғылау диаметрі, макс., мм<br>– Ағаш сүрегі<br>– Болат<br>– Тас қалауы                                  | 18<br>10<br>10                                                                               | 24<br>10<br>10  |
| Режим удара                                                                                               | Нет                                                                                          | Нет             |
| Патрон, мм                                                                                                | 10                                                                                           | 0.8-10          |
| Сыртқы ортаның рұқсат етілген температурасы, °С<br>– зарядтау кезінде<br>– пайдалану* және сақтау кезінде | 0... +40<br>-10... +50                                                                       |                 |
| Жиынтықты аккумулятордың сыйымдылығы, А*ч                                                                 | 2                                                                                            |                 |
| Ұсынылатын аккумуляторлар                                                                                 | BCD 1802<br>BCD 1803<br>BCD 1804<br>BCD 1806<br>BCD 2002<br>BCD 2003<br>BCD 2004<br>BCD 2005 |                 |
| Ұсынылатын зарядтау құрылғылары                                                                           | BC 18<br>BC 18 F<br>BC 20 F                                                                  |                 |

\* <0 °C температурадағы шектеулі қуат

| Сипаттамалары                                                                                             | CD 21-40 BL                                                                  | CD 21-45 BL                                                                                  | CID 21-45 BL    | CID 2013 BL                                                          |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|----------------------------------------------------------------------|
| Номиналды кернеуі, В                                                                                      | 21                                                                           | 18                                                                                           | 18              | 18                                                                   |
| Қозғалтқыш түрі                                                                                           | Щеткасыз                                                                     |                                                                                              |                 |                                                                      |
| Бос жүрістің айналымдар саны, мин <sup>-1</sup><br>– 1 беріліс<br>– 2 беріліс                             | 0-450<br>0-1600                                                              | 0-370<br>0-1370                                                                              | 0-370<br>0-1370 | 0-500<br>0-2000                                                      |
| Айналу моменті, Нм                                                                                        | 40                                                                           | 45                                                                                           | 45              | 75                                                                   |
| Бұрғылау диаметрі, макс., мм<br>– Ағаш сүрегі<br>– Болат<br>– Тас қалауы                                  | 26<br>10<br>10                                                               | 26<br>10<br>–                                                                                | 32<br>10<br>8   | 32<br>13<br>13                                                       |
| Соққы режимі                                                                                              | –                                                                            | –                                                                                            | +               | +                                                                    |
| Соққы саны, мин <sup>-1</sup>                                                                             | –                                                                            | –                                                                                            | 0-32000         | 0-32000                                                              |
| Патрон, мм                                                                                                | 1.5-10                                                                       | 1.5-13                                                                                       | 1.5-13          | 1.5-13                                                               |
| Сыртқы ортаның рұқсат етілген температурасы, °С<br>– зарядтау кезінде<br>– пайдалану* және сақтау кезінде | 0... +40<br>-10... +50                                                       | 0... +40<br>-10... +50                                                                       |                 | 0... +40<br>-5... +50**                                              |
| Жиынтықты аккумулятордың сыйымдылығы, А*ч                                                                 | 2                                                                            | 2                                                                                            | 2               | 3                                                                    |
| Ұсынылатын аккумуляторлар                                                                                 | BCD 21-20 Li<br>BCD 21-30 Li<br>BCD 21-40 Li<br>BCD 21-50 Li<br>BCD 21-80 Li | BCD 1802<br>BCD 1803<br>BCD 1804<br>BCD 1806<br>BCD 2002<br>BCD 2003<br>BCD 2004<br>BCD 2005 |                 | BCD 1803<br>BCD 1804<br>BCD 1806<br>BCD 2003<br>BCD 2004<br>BCD 2005 |
| Ұсынылатын зарядтау құрылғылары                                                                           | BC 21-40 QF<br>BC 21-24 F                                                    | BC 18<br>BC 18 F<br>BC 20 F                                                                  |                 | BC 18 F<br>BC 20 F                                                   |

\* <0 °C температурадағы шектеулі қуат

| Сипаттамалары                                                                                             | CID 21-150 BL                                                | CID 21-60 BL      | CD 21-60 BL                                                                                  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|
| Номиналды кернеуі, В                                                                                      | 21                                                           |                   |                                                                                              |
| Қозғалтқыш түрі                                                                                           | Щеткасыз                                                     |                   |                                                                                              |
| Бос жүрістің айналымдар саны, мин <sup>-1</sup><br>– 1 беріліс<br>– 2 беріліс                             | 0-500<br>0-2000                                              | 0-500<br>0-2000   |                                                                                              |
| Айналу моменті, Нм                                                                                        | 150                                                          | 60                |                                                                                              |
| Бұрғылау диаметрі, макс., мм<br>– Ағаш сүрегі<br>– Болат<br>– Тас қалауы                                  | 30<br>13<br>13                                               |                   |                                                                                              |
| Соққы режимі                                                                                              | +                                                            |                   | -                                                                                            |
| Соққы саны, мин <sup>-1</sup>                                                                             | 0-32000                                                      | 0-8000<br>0-32000 | -                                                                                            |
| Патрон, мм                                                                                                | 0.8-13                                                       |                   |                                                                                              |
| Сыртқы ортаның рұқсат етілген температурасы, °С<br>– зарядтау кезінде<br>– пайдалану* және сақтау кезінде | 0... +40<br>-10... +50                                       |                   |                                                                                              |
| Жиынтықты аккумулятор-дың сыйымдылығы, А*ч                                                                | 4                                                            | 2                 |                                                                                              |
| Ұсынылатын аккумуляторлар                                                                                 | BCD21-20<br>BCD 21-30<br>BCD 21-40<br>BCD 21-60<br>BCD 21-80 |                   | BCD 1802<br>BCD 1803<br>BCD 1804<br>BCD 1806<br>BCD 2002<br>BCD 2003<br>BCD 2004<br>BCD 2005 |
| Ұсынылатын зарядтау құрылғылары                                                                           | BC 18 F                                                      |                   | BC 18<br>BC 18 F<br>BC 20 F                                                                  |

\* <0 °С температурадағы шектеулі қуат

\*\* <0 °С температура кезінде бүйірлік тұтқасыз (П1) қолдануға тыйым салынады

## Құралдың жұмыс тәртібі



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Электр құралын қоспас бұрын, барлық бұрандалар мен сомындардың жеткілікті түрде мықтап бекітілгенін тексеруге кеңес беріледі

### Аккумуляторды зарядтау

**Нұсқау:** Аккумулятор толық зарядталмаған болып жеткізіледі. Аккумулятордың толық қуатын қамтамасыз ету үшін оны бірінші рет қолданар алдында толығымен зарядтаңыз. Литий-ионды аккумуляторды кез-келген уақытта қызмет ету мерзімін қысқартпай зарядтауға болады. Зарядтау процесін тоқтату аккумуляторға зиян тигізбейді.

#### Аккумуляторды пайдалану және зарядтау

Жаңа немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған аккумулятор өзінің толық сыйымдылығына шамамен 5 зарядтау циклынан кейін жетеді. Аккумуляторды алып тастау үшін құлпын ашу батырмаларын (8) басып, аккумуляторды (7) электр құралынан төмен қарай шығарыңыз. Бұл жағдайда дөрекі күш қолданбаңыз.

#### Аккумуляторды зарядтау үшін сізге қажет:

##### ALTECO BC 18 F, BC 20 F зарядтау құрылғысы үшін:

1. Зарядтағышты 220V желісіне қосыңыз. Қызыл индикатор қосылады.
2. Аккумуляторды зарядтағышқа салыңыз. Жасыл индикатор жыпылықтайды.
3. Зарядталған аккумуляторды шығарыңыз. Үнемі жанып тұрған жасыл индикатор зарядтаудың аяқталғанын көрсетеді. Зарядтау құрылғысын желіден ажыратыңыз.

##### ALTECO BC 12, BC 16, BC 18 Зарядтау құрылғысы үшін:

1. Зарядтау құрылғысын 220В желісіне қосыңыз. Жасыл индикатор жанады.
2. Аккумуляторды зарядтау құрылғысына қосыңыз. Қызыл индикатор жанады.
3. Үнемі жанып тұрған жасыл индикатор зарядтаудың аяқталғанын көрсетеді.
4. Зарядталған аккумуляторды шығарыңыз. Зарядтау құрылғысын желіден ажыратыңыз.



Зарядталған аккумуляторды зарядтау құрылғысында ұзақ уақытқа қалдырмаңыз

- Аккумуляторларды тек өндіруші ұсынған зарядтау құрылғыларында зарядтаңыз.
- Аккумуляторлардың белгілі бір түріне арналған зарядтағыш оны басқа аккумуляторлармен бірге қолданған кезде өрт қаупін тудыруы мүмкін.

- Электр құралдарында тек өздері үшін қарастырылған аккумуляторларды қолданыңыз. Басқа аккумуляторларды пайдалану жарақат алу және өрт қаупіне әкелуі мүмкін.
- Пайдаланылмаған аккумуляторды қағаз қыстырғыштардан, тиындардан, кілттерден, шегелерден, бұрандалардан және полюстерді қысқарта алатын басқа да кішкентай металл заттардан қорғаңыз. Аккумулятор полюстерінің қысқа тұйықталуы күйікке немесе өртке әкелуі мүмкін.
- Егер дұрыс пайдаланылмаса және механикалық зақым келтірілсе, аккумулятордан сұйықтық ағып кетуі мүмкін. Онымен жанасудан аулақ болыңыз. Кездейсоқ тиіп кетсеңіз, сол жерді сумен шайыңыз. Егер бұл сұйықтық көзге түссе, бұған қоса дәрігердің көмегіне жүгініңіз.
- Аккумулятордан ағып кеткен сұйықтық терінің тітіркенуіне немесе күйіп қалуына әкелуі мүмкін.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Жұмыс кезінде қыздырылған аккумуляторды зарядтамаңыз



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Саптамаларды ауыстыру, құралды шаңнан тазарту және құралға қызмет көрсету кезінде кез-келген басқа операциялар кезінде кездейсоқ қосылып, ауыр жарақат алуды болдырмау үшін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ аккумуляторлы батареяны шығарыңыз

## Электр құралын қосу

- Кездейсоқ қосылудың алдын алу үшін айналу бағытын ауыстырғышты (10) орташа деңгейге қойыңыз. Зарядталған аккумуляторды ол қысылып, ілгекке нақты енетіндей етіп тұтқаға (7) салыңыз.
- Жарық шығаратын диод (9) ажыратқыш (11) жартылай немесе толық басылған кезде жарқырайды және жалпы жарық жеткіліксіз болған кезде бұранданың/бұранда шегенің орналасқан жерін жарықтандырады.

## Айналу бағытын орнату

Айналу бағытын ажыратқышпен (10) патронның айналу бағытын өзгертуге болады. Ажыратқыш (11) басылған кезде, алайда, бұл мүмкін емес.

**Оң жақ айналу бағыты:** бұрандаларды/бұранда шегелерді бұрғылау және бұрап кіргізу үшін, айналу бағытын ауыстырғышты (10) солға қарай тоқтағанша басыңыз

**Сол жақ айналу бағыты:** бұрандаларды/ бұранда шегелерді босату немесе бұрып шығару үшін, айналу бағытын ауыстырғышты (10) оңға қарай тоқтағанша басыңыз.

## Жұмыс режимін орнату



### Бұрғылау

CD1210, CD1210.1, CD1410, CD1610.1, CD 2110.1, CD 1813, CD 1813 BL:  
Айналу моментінің орнату сақинасын (3) қажетті айналу моментіне орнатыңыз.

CID 1610.1, CID 2110.1, CID 1813 BL, CID 2013 BL:  
Режим ауыстырғышын (4) «Бұрғылау» символына орнатыңыз.



### Бұрап кіргізу

CD1210, CD1210.1, CD1410, CD1610.1, CD 2110.1, CD 1813, CD 1813 BL:  
Айналу моментінің орнату сақинасын (3) «Бұрандаларды бұрау/бұрап шығару» символына орнатыңыз.

CID 1610.1, CID 2110.1, CID 1813 BL, CID 2013 BL:  
Режим ауыстырғышын (4) «Бұрандаларды бұрау/бұрап шығару» символына орнатыңыз.



### Соққы әрекетімен бұрғылау

CID 1610.1, CID 2110.1, CID 1813 BL, CID 2013 BL:  
Режим ауыстырғышын (4) «Соққымен бұрғылау» символына орнатыңыз.

## Соққы әрекетімен бұрғылау

Шұңқыр мен бөлшектермен бітелген кезде немесе бұрғыланған тесік өтпелі болып қалса, бетонға құйылған шыбықты арматураға тиген кезде құрал/бұрғыға айтарлықтай және күтпеген бұралу күші әсер етеді. Әрқашан бүйірлік тұтқаны қолданыңыз (13) және жұмыс кезінде құралды бүйір тұтқасынан да, ауыстыру тұтқасынан да мықтап ұстаңыз. Бұл талапты сақтамау құралды бақылауды жоғалтуға және ықтимал ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

Вольфрам карбидінің ұшы бар соққы қашауын міндетті түрде қолданыңыз. Қашауды тесікке қажетті жерге орнатыңыз, содан кейін триггер қосқышын басыңыз. Құралға күш салмаңыз. Жеңіл қысым жақсырақ нәтиже береді. Құралды жұмыс күйінде ұстаңыз және оның тесіктен тайып кетпеуін қадағалаңыз. Тесік жаңқалармен немесе бөлшектермен бітелген кезде қосымша қысым жасамаңыз. Оның орнына құралды бос жүрісте қосыңыз, содан кейін бұрғыны біртіндеп тесіктен алыңыз. Егер бұл амалды бірнеше рет жасасаңыз, тесік тазаланады және әдеттегі бұрғылауды жалғастыруға болады.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бұрғылау және соққымен бұрғылау кезінде міндетті түрде CID 2013 BL үшін бүйірлік тұтқаны (13) қолданыңыз. Бүйірлік тұтқасыз жарақат алу және/немесе тұтқаның (12) механикалық сынуы ықтималдығы өте жоғары

## Айналым санын орнату

Ажыратқышқа (11) басу күшін өзгерту арқылы қосылған электр құралының айналым санын біркелкі реттеуге болады. Ажыратқышты (11) аздап басқан кезде электр құралы төмен жылдамдықпен жұмыс істейді. Басу күші артқан сайын айналымдар саны артады.

## Айналу моментін орнату

Айналу моментінің орнату сақинаның көмегімен (3) айналу моментін модельге байланысты 18-24 сатыда орнатуға болады. Белгіленген айналу моментіне жеткеннен кейін электр құралы тоқтайды.

## Берілісті механикалық таңдау

Беріліс ауыстырғышын (5) Сіз электр құралы тоқтаған кезінде де, қосылған кезде де іске қоса аласыз. Алайда, бұны толық жүктеме астында немесе ең жоғары жылдамдықта орындамау керек.

### 1-ші беріліс:

Айналымдардың төмен саны; үлкен диаметрлі бұрғылармен жұмыс істеу үшін.

### 2-ші беріліс:

Жоғары айналу санының диапазоны; бұрғының кішкентай диаметрімен бұрғылау үшін.

## Шамадан тыс жүктемеден жылулық қорғау

Электр құралын мақсаты бойынша пайдаланған кезде оған шамадан тыс жүктеме беру мүмкін емес. Егер жүктеме тым көп болса немесе аккумуляторды рұқсат етілген температура диапазонынан шықса, электр құралы өшіріледі. Онымен жұмыс жалғастырмас бұрын электр құралын суытып алыңыз.

Тұрақты шамадан тыс жүктемемен (қызып кетумен) жұмыс режимі кезінде аккумулятордағы сақтандырғыш пластиналар жанып кетеді.

## Техникалық қызмет көрсету және сервис

### Техникалық қызмет көрсету және тазалау

Техникалық қызмет көрсету, құралды ауыстыру және т.б. жұмыстар басталғанға дейін, сондай-ақ тасымалдау және сақтау кезінде аккумуляторды электр құралынан алыңыз. Егер байқаусызда қосылса, жарақат алу қаупі бар.

Сапалы және қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ету үшін электр құралдары мен желдеткіш саңылауларын үнемі таза ұстау керек.

Құралды қолданар алдында оның тұтастығына және барлық бекіткіштердің бар-

жоғына көз жеткізіңіз. Ақаулар анықталған жағдайда дереу ең жақын уәкілетті ALTECO қызметіне хабарласыңыз. Көрінеу ақаулы құралды пайдалану сізді зауыттық кепілдіктен айырады.

## Кепілдік шарттары

Тұтынушы құралды сақтау мен пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда, өндіруші кәсіпорын құралдың сатып алған күннен бастап 12 айдың ішінде үздіксіз жұмысына кепілдік береді.

Егер кепілдік мерзімінің ішінде құралдың бұзылуы өндірушінің кесірінен болса – өндіруші зауыт кепілдік бойынша жөндеуді іске асырады.

Келесі жағдайларда кепілдік бойынша жөндеу жүргізілмейді және шағымдар қабылданбайды:

- Кепілдеме куәлігінде сатушы ұйымның мөртабаны мен сатылған күннің жоқ болуы
- Құралдың тасымалдау және пайдалану кезіндегі зақымдалуы
- Пайдалану талаптарының сақталмауы
- Кепілдік мерзімінің өтіп кетуі немесе сақтау шарттарының бұзылуы

## Электр құралын сақтау және кәдеге жарату ережелері

### Сақтау

Құралды арнайы қаптамада (кейсте) немесе ластанудан, зақымданудан, ылғалдың әсерінен, тікелей күн сәулесінен, жоғары температурадан немесе олардың күрт өзгеруінен қорғауды қамтамасыз ететін өзге де тәсілмен сақтау және тасымалдау ұсынылады.

### Сақтау, қызмет ету мерзімдері.

#### Ресурс және кәдеге жарату

- Бұйымды сақтау мерзімі осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген сақтау шарттары сақталған кезде 10 (он) жылды құрайды. Сақтау мерзімі бұйым шығарылған күннен бастап есептеледі. Осы мерзім аяқталғаннан кейін бұйымның техникалық жай-күйіне қарамастан сақтау тоқтатылуы және бұйымның техникалық жай-күйін тексеру, жөндеуге жіберу немесе кәдеге жарату туралы және жаңа сақтау мерзімін белгілеу туралы шешім қабылдануы тиіс. Дайындалған күні құралдың заттаңбасында көрсетілген.
- Бұйымды сақтау мерзімі осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген сақтау

шарттары сақталған кезде 10 (он) жылды құрайды. Сақтау мерзімі бұйым шығарылған күннен бастап есептеледі. Осы мерзім аяқталғаннан кейін бұйымның техникалық жай-күйіне қарамастан сақтау тоқтатылуы және бұйымның техникалық жай-күйін тексеру, жөндеуге жіберу немесе кәдеге жарату туралы және жаңа сақтау мерзімін белгілеу туралы шешім қабылдануы тиіс. Дайындалған күні құралдың заттаңбасында көрсетілген.

- Бұйымның қызмет ету мерзімі сақтау шарттары мен пайдалану ережелері, сондай-ақ осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген құралды құрастыру мен монтаждаудың дұрыстығы сақталған кезде 5 (бес) жылды құрайды. Қызмет ету мерзімі бұйым сатылған күннен бастап есептеледі.
- Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін немесе белгіленген ресурсқа қол жеткізгеннен кейін құрал пайдаланылмауы және осы құралды кәдеге жарату жүзеге асырылатын Еуразиялық Экономикалық Одаққа мүше мемлекеттің аумағында қолданылатын нормалар мен ережелерге сәйкес қоршаған ортаға экологиялық залал келтірмей кәдеге жаратылуы тиіс.
- Құралды және жиынтықтаушы тораптарды кәдеге жарату, кейіннен екінші рет өңдеу кезінде қайта балқыту немесе пайдалану үшін оны толық бөлшектеуден және кейіннен материалдар мен заттарды түрлері бойынша сұрыптаудан тұрады.
- Осы құрал және жиынтықтаушы тораптар қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін қауіпсіз материалдар мен заттардан жасалған. Дегенмен, қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау үшін, құралды пайдалану аяқталғаннан кейін (қызмет ету мерзімінің аяқталуы) немесе оның одан әрі пайдалануға жарамсыздығы үшін, құрал металл сынығы мен пластмассаларды қайта өңдеу бойынша қабылдау беттеріне тапсырылуға жатады.

### **Аккумуляторлар мен зарядтау құрылғыларының ұсынылатын түрлері**



**BCD 1210**



**BCD 1210.1**



**BCD 1410**



**BCD 1610.1**



**BCD 1802**



**BCD 1803  
BCD 1804**

**BCD 1806****BCD 2002****BCD 2003**  
**BCD 2004**  
**BCD 2005****BC 18 F**  
**BC 12 F****BC 12**  
**BC 16**  
**BC 18**

KZ | Өндіруші және импорттаушы: «ТССП Дистрибьюшн» ЖШС, ҚР, Астана қ., Ақжол даңғ., 65 ғим., тел. +7 (7172) 55 44 00, [info@alteco.kz](mailto:info@alteco.kz). Өнім сапасы бойынша наразылық қабылдайтын мекеме: «ТССП Қазақстан» ЖШС, ҚР, Астана қ., Ақжол даңғ., 65 ғим., тел. +7 (7172) 55 44 00. Қытайда жасалған

Изготовитель и импортер: ТОО «ТССП Дистрибьюшн», РК, г. Астана, просп. пр. Ақжол, зд. 65, тел. +7 (7172) 55 44 00, [info@alteco.kz](mailto:info@alteco.kz). Организация, принимающая претензии по качеству продукции: ТОО «ТССП Казахстан», РК, г. Астана, просп. пр. Ақжол, зд. 65, тел. +7 (7172) 55 44 00

RU | Импортер и организация, принимающая претензии по качеству продукции: ООО «Северный Альянс», РФ, 630020, Новосибирская область, г. Новосибирск, ул. Тамбовская, 41., тел. +7 967 085 46 24, [info@altecopt.ru](mailto:info@altecopt.ru). Сделано в Китае

UZ | Import qiluvchi va mahsulot sifati bo'yicha da'volarni qabul qiluvchi tashkilot: «TSSP» ХК МСНЖ, Ўзбекистон, Toshkent, Bilimdon ko'chasi 12a - uy, tel. +998 90 830 22 60, [info@alteco.uz](mailto:info@alteco.uz). Xitoyda ishlab chiqarilgan

|                |       |                       |                            |
|----------------|-------|-----------------------|----------------------------|
|                |       | <b>Отрывной талон</b> |                            |
| Дата приема    | _____ | Изделие               | _____ Серийный номер _____ |
| Дата выдачи    | _____ | Дата продажи          | _____                      |
| Особые отметки | _____ | Дата приема           | _____                      |
|                | _____ | Дата выдачи           | _____                      |
|                | _____ | Покупатель            | _____                      |

Заполняется сервисным центром

МП

|                |       |                       |                            |
|----------------|-------|-----------------------|----------------------------|
|                |       | <b>Отрывной талон</b> |                            |
| Дата приема    | _____ | Изделие               | _____ Серийный номер _____ |
| Дата выдачи    | _____ | Дата продажи          | _____                      |
| Особые отметки | _____ | Дата приема           | _____                      |
|                | _____ | Дата выдачи           | _____                      |
|                | _____ | Покупатель            | _____                      |

Заполняется сервисным центром

МП

|                |       |                       |                            |
|----------------|-------|-----------------------|----------------------------|
|                |       | <b>Отрывной талон</b> |                            |
| Дата приема    | _____ | Изделие               | _____ Серийный номер _____ |
| Дата выдачи    | _____ | Дата продажи          | _____                      |
| Особые отметки | _____ | Дата приема           | _____                      |
|                | _____ | Дата выдачи           | _____                      |
|                | _____ | Покупатель            | _____                      |

Заполняется сервисным центром

МП

Производитель оставляет за собой право на внесение изменений в конструкцию, дизайн и комплектацию изделий.

Өндіруші өнімнің конструкциясына, дизайнына және конфигурациясына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Ishlab chiqaruvchi mahsulotlarning dizayni, dizayni va konfiguratsiyasiga o'zgartirishlar kiritish huquqini o'zida saqlab qoladi.

Өндүрүүчү продукциянын конструкциясына, дизайнына жана комплектине өзгөртүүлөрдү киргизүү укугун өзүнө калтырат.

